

FTAXP 18.45.07

А.С. Омарова¹¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)**«ЖАСТАР» ТЕАТРЫНЫҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫНДАҒЫ
«АСАУҒА ТҰСАУ»****Аннотация**

Мақалада Астана қаласындағы «Жастар» театрының режиссері Нұрқанат Жақыпбайдың «Асауға тұсау» қойылымы талданған. Спектакльдегі композицияға, режиссерлік шешімдерге, актерлік шеберлікке, қоюшы хореографтың сахналаған билеріне сараптама жүргізілген. Сонымен қатар, У.Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясының қазақ театрларындағы орны туралы айтылған.

Түйін сөздер: Нұрқанат Жақыпбай, «Жастар» театры, актерлік шеберлік, қоюшы-хореограф, режиссерлік қолтаңба.

А.С. Омарова¹¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)**«УКРОЩЕНИЕ СТРОПТИВОЙ» В ИНТЕРПРЕТАЦИИ ТЕАТРА
«ЖАСТАР»****Аннотация**

В данной статье проанализирован спектакль «Укрощение строптивой» в постановке режиссера театра «Жастар» г. Астаны Нурканата Жақыпбая. Проведен анализ композиции спектакля, режиссерского решения, актерской игры, а также танцевальных сцен. Затрагиваются и вопросы постановки комедий У. Шекспира «Укрощение строптивой» в других казахских театрах.

Ключевые слова: Нурканат Жақыпбай, театр «Жастар», актерское мастерство, хореограф-постановщик, режиссерское решение.

А.С. Омарова¹¹The Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)**«THE TAMING OF THE SHREW» IN THE INTERPRETATION
OF THE THEATER «ZHASTAR»****Annotation**

This article analyzes the production of the director of the «Zhastar» theater in Astana, Nurkanat Zhakyrbay, «The taming of the shrew». The analysis of the composition in the play, the director's decisions, acting skills, dances staged by the choreographer-director was carried out. In addition, they talk about the role of William Shakespeare's comedies «Taming of the Shrew» in the Kazakh theaters.

Key words: Nurkanat Zhakyrbay, Zhastar theater, acting skills, choreographer, director's decision.

Әлемдік классиканың алтын қорынан ойып орын алған, ағылшын драматургі У.Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясы қазақтың көзіқарақты көрермендеріне, қазақ театралдарына етене таныс. Атаулы қойылым алғаш рет 1943 жылдың 16 қазанында Мәскеудің А.Луначарский атындағы театр өнері институтының тәжірибелі мұғалімдері О.Пыжова мен Б.Бибиқовтың қолтаңбасында көрермен назарына ұсынылды. Шекспир суреттеген аталмыш пьесаны қазақшаға тәржімалаған ұлы суреткер Мұхтар Әуезов. Тұңғыш рет Петручио ролінде Шәкен Айманов көрінсе, Катаринаны кейіптеу Хадиша Бөкееваның үлесіне тиді. Қазақ театртану ғылымының негізін салушы Қажықұмар Қуандықов Шекспирдің 400 жылдық мерейтойына арнап жазған «Ол өз сахнамызда» атты мақаласында: «Оның трагедияларынан гөрі комедияларының рухы әлдеқайда қазаққа жақын, түсінікті екенін жазады». Бұл сөзінің мәнісін «Шаншар қуларының» шығармашылығынан іздейді. Атаулы еңбегінде Қ.Қуандықов актерлер жұмысына төмендегідей баға береді: «Петручио роліндегі Ш.Аймановтың актерлік дарынын былай қойғанда, өзі де юмордан құр алақан емес қой. Ал Катарина-Х.Бөкеева өнер саласында Шәкеннен кем түспеймін дейтін адам. Осыларға күлкі бұлағы Грумио-С.Телғараев, әзілқой, жылпос Транио-К.Қармысов, селкілдеген кәрі шал Гремио-Е.Өмірзақов, сөзді нақ-нағымен тастайтын ментуялық-С.Қожамқұлов, ешкімнің көңілін қалдырғысы келмейтін жұмсақ мінезді Баптиста-Қ.Қуанышбаев келіп қосылғанда, сахна көңілді көріністерге толады. Бұлардың бәрі де бір-біріне өнер нұрын төгіп, бірін-бірі шабыттандырып, сахнаны жайнатып, құлпыртып жібереді. «Асауға тұсау» спектаклінің зор табысы оның ансамбльдік тұтастығында деп қарау керек»[1, 22 б.]. Сыншы пікірін оқи отырып таң қалатынымыз, әр кейіпкермен оны кейіптеуші актерлерге бір екі ауыз сөзбен ғана баға бергендігінде. Сол бірді-екілі теңеу арқылы ғана кейіпкер болмысын, табиғатын тамаша аша білгендігіне тәнтіміз. Әрине, біз бұл сапарымызда алғашқы сомдаушы актерлердің жұмысын талдауды мұрат етпейміз. Зерттеу барысында тапқан қызықты деректермен бөлісу парызымыз екенін түсінгендіктен жазуға мәжбүрміз.

«Асауға тұсау» - асау қызды ауыздықтау емес, ерлі зайыптылар арасындағы адал достықты жыр етеді. Сөзі өткір, өр мінезді Петручио мен тапқыр, әрі ақылды тентек Катарина екеуінің әзілді қақтығыстары қыз бен жігіттің айтысындай өте тартымды. Әзілқой Грумио, жылпос Транио, жұмсақ мінезді Баптиста бастаған кейіпкерлердің мінез-құлқы жалынды жастардың актерлік шеберлігіне ұласқанда, сахна көңілді көріністерге тола түседі.

Жарасымды қалжыңымен баурап, көркемдік құдіретімен елік-тіре түсер шығарма-режиссердің ұтымды шешімімен сахнаға шықты.

Оқиға көңілді музыка мен орындаушылардың пластикалық шеберліктерінің арқасында көркемдік тұрғыдан жаңа белеске көтерілді» - қойылымның аннотациясында осылай көрсетілген. Біз нысанаға алған қойылымның бар болмысы осы бір екі абзацқа бөлінген, бес-алты құрмалас сөйлемге құрылған қойылым анықтамасына жасырынғандай күй кешеміз. Атаулы пьесада Шекспир «оқу комедиясы» мен халықтық фарс тәжірибесіне сүйенеді. Аристонның «Ауыстырып алғандар» комедиясынан Шекспирдің пьесасына ғашығының үйіне басқа кейіппен енген жігіттің оқиғасы алынады (Люченцио мен Бьянканың желісі). Ал негізгі Катарина мен Петручионың желісі ағылшын халық фарсынан алынған. Бір қарағанда Шекспир өзінің комедиясына дәстүрлі фарстық сюжетті ала салған секілді: дарақы күйеудің қыңыр әйелді жуасытуы. Бірақ, фарстық сюжетке драматург жаңа мағына берген. Катарина мен Петручионың дәрекі қалжыңдарынан, бірінен бірі қалыспайтын бәсекелестігінен, қырсықтықтарынан бір-біріне деген сыйластық пайда болады. Махаббат сезімі бүршік атып, барған сайын ұлғая түседі. У.Шекспирдің атаулы комедиясы шынайы сезімдердің сұлулығын, ер адам мен әйелдің арасындағы теңдікті жария етеді. Пьесамен таныса отырып байқаған осы бір ерекшеліктер «Елордалық Жастар театрының сахнасында қалай қабысады екен?» – деген сауал тұруы заңдылық. Ол үшін біз пьеса мен қоюшы режиссерлер ұсынған сахналық нұсқаны салыстыра отырып қарастырамыз.

Қойылымның әуелгі ерекшелігі сахналау жұмысына қоюшы режиссерден бөлек, Бекболат Құрманғожаев пен Дәурен Серғазиннің де режиссерлік қолтаңбаларының кіріктірілгендігінде деп есептейміз. Үш бірдей режиссердің жұмыла жасасқан жұмысы «Жастар» театры сахнасына астарлы әзіл мен көтеріңкі көңіл-күйдің атмосферасын алып келді. Режиссерлік ұтқыр шешімдер, музыка мен би үндестігі, декорация жанр ерекшелігіне сай ұтымды таңдап алынған. Театртанушы Назерке Жұмабай атаулы қойылымды талдай келе қоюшы суретшінің жұмысын төмендегіше сипаттайды. «Қоюшы суретші Ерлан Тұяқов бейнелеген сахна суретінен анау айтқандай классикалық картина мен бай реквизитті көзіңіз шалмауы мүмкін. Есесіне мұнда кеңістік бар, тірі сахна бар, қажырлы еңбек бар. Әрбір актердің дем алысы мен жүрек лүпілі біте қайнасып, біртұтас дүниеге айналып кеткенін шымылдық ашылғаннан-ақ айқын сезінесіз» [2, 26 б.]. Зерттеуші Назерке Жұмабай қойылымның бар болмысын құрмалас екі сөйлемге бірақ сыйдырғанын анық байқаймыз. Сахнаның көрермен назарынан тыс қалмайтын тағы бәр элементі бар. Ол декорация. Мықты жасалынған сценография қойылымның кем кетігін толықтырып, көркемдік бояуын қанықтыра түсетініне талас жоқ. Атаулы спектакльдің тұла бойынан XVII ғасырдағы Еуропада кеңінен тараған барокко мен классицизм стильдерін айқын аңғарамыз. Бұл пайымдауымызды

қойылымдағы қатысушы кейіпкерлердің киім үлгілерінен анықтауға болатынын алға тартамыз. Петручоның (алғашқы сахнада киіп шығатын костюміне қараңыз), Гортензионың, Гремионың сахналық костюмдері классицизмдік стильге тән әдемілікті паш етеді. Сондай-ақ сол әдемілік тек белгілі бір тәртіппен орналасып, жан-жақты үйлесімін тапқан. Люченцио, Катарина, Грумио сынды кейіпкерлердің киім үлгісі мистикалық көзқарасқа, құпиялыққа қарата тігілгенін байқаймыз. Ол өзінің драмалық күшімен, экспрессиялық пішіндерімен көрермен қиялы мен сезімін жаулап алады. Кейде көрермен назарын декорацияға бұру арқылы актерлік ойынның олқылықтарын жасыруға да болады. Керісінше бұл қойылымнан кейіпкерлер костюміндегі ерекшеліктер мен қоса сахнадан бірді-екілі детальдерден басқаны таппайсыз. Қоюшы режиссерлер сахна кеңістігін актерлер ойыны мен хореографиялық шешімдермен көрсетуді мақсат еткен.

Шымылдық сырғып барып, сахна көрінген сәтте назарыңызға бірден ілігетіні ашық түсті маталардан әдіптеп тіккен, костюм үлгісі «сайқымазақтың» киіміне көбірек ұқсайтын (бас киімінде домалақ салпыншақтары бар) Дәурен Серғазинді жазбай танысың. Қойылым бағдарламасында Люченцио-Д.Серғазин деп көрсетілген. Назар салып қараған болсаңыз Люченцио-Дәуреннің мінген домалақ құрылғыны сағатқа көбірек ұқсатқан болар едіңіз. Санаулы сәттен кейін ол дәл сондай құрылғыға мінген Транионы (Ербол Тілеуқенов) арқанмен тартып аванценаға әкеледі. Осы бір көріністер арқылы қоюшы режиссер Н.Жақыпбайдың заман тізбегі жалғасын табуда деген ойын шамалайтыныңызға дауымыз жоқ. У да шу, айғай ысқырықпен көрермен залынан көрінген жиһанкез актерлердің У.Шекспирдің «Асауға тұсау» қойылымын тамашалайтыныңыз хабарлайды. Өртүрлі цирктік бейнелермен (трюк) сахна төріне шыққан актерлер бұдан әрі бірде біртұтас, бірде бөлек-бөлек екі шеңбер айналасында біркелкі ырғақпен итальян дәстүріндегі би өнерінің куәсі болуға шақырады. Сахна кеңістігін дөп пайдаланған осындай би машығы актерлердің ішкі энергиясымен біте қайнасып, делебеңді қоздырар әрбір қимыл көрермен көзін жіпсіз байлайды.

Бойында бұлқынған асаулық ұялаған, адуындығымен арын сақтаған, тентектігімен талайды тайсалдырған, шәлкез мінезді Катарина-Айнұр Рахипова қамшысын оңды-солды сермеген күйі сахна төріне көтерілді. Жай жеткен жоқ, биязы мінезді Биянканы сүйрей шықты. Оқытушы жалдауды тапсырған әке шешіміне ренжулі Катарианың ішкі көңіл күйін көрсетудегі хореографтың қойған биіне зер салыңызшы... Көпшілік сахнаның қол қимылымен көрсетер әрекеттері ішкі алай-дүлей сезімді кейіптесе, жолында жатқан Гортензио мен Гремионы аттап өтудегі ырғақ асау мінезді Катарианың мінезін қоюлата түседі. Жалпы қойылым оқиғалары көп сөзділіктен ада,

іс-әрекетке, қимыл-қозғалысқа құрылған. Сөзімізді келесі сахнадағы Люченцио (Дәурен Серғазин) мен Транионың (Ербол Тілеуқенов) оқытушы болып баруға келісіп, киім ауыстыру сәтіндегі іс-әрекеттері толықтай дәлелдей түседі. Қожайыны өз киімін жалшысына кидіріп, өзін елеусіз қалдырудағы мақсаты көрушісін бей-жай қалдырмасы анық. Сұлу да сымбатты Бьянкаға (Ғазиза Мұқан екінші құрамда Кенжегүл Жорабаева) үйленуден үміттілердің қатарындағы Люченцио, (Дәурен Серғазин) Гортензио (Нұрлыбек Төлеген) және Гремио (Бейбіт Құсанбаев) әкесі Баптистаны көндіруге барын салады. Баптиста болса үлкен қызын күйеуге бермей, кіші қызын ұзатпақ емес. Асау қызды ауыздықтауға дайын, жүрек жұтқан жанның жолында жарты байлығын байлауға дайын Баптиста мен әкесі өліп, таза тақырға отырған патша көңілді Петручионың бәсіне көз тігіңізші. Еріксіз езу тартасыз. Барынша қарпып қалуға тырысқан Петручионың бәсін Грумио (Жандәулет Батай) одан әрі қыздыра түседі. Күлесіз. Жай күлмейсіз, алаңсыз айқайлай күлесіз. Мәжбүрлі-мәжбүрсіз келісім жасалды, шартқа қол қойылды. Ендігі сәт тіптен қызық. Сахнаға қараңыз. Катарина мен Петручионың алғашқы кездесуі. Қыз атаулыны құр жібермес, жолында кездескен әрбір нәзік жандының жүрегін жаралар (Петручионың сахнада алғаш көрінген сәтке назар аударыңыз) сері жігіттің сахнадағы іс-әрекеті жалындаған шок, алаулаған от. Бет қаратпас бірбеткей, тіліп түсер өткір тілді, қамшылы қыз Катарина да қалысар емес. Бойжеткеннің бойында айналасындағы пасық ойлы жандарға қарсы асаулық, тебіп түсірер тентектік, есінді алар еркелік бар. Жолындағысын жұлып жейтін, сұлу біткеннің сүйікті перісі Петручио асауды ауыздықтауға барын салады. Астарлы әзілді араластыра ойнаған жан алысып, жан беріскен іс-әрекетке қарап отырып сілтідей тынасың. Тырп етпей тыңдайсың. Қыз бен жігіт айтысы, бірін-бірі мінеген сөз қақтығысы, алма кезек ауысқан әрекет аспанды аударып, жерді төңкереді. Ақыры, азулы жігіт асауды бастықтырады, жанын сала жер жеберіне жетеді. Қойылымның өн бойында цирктік элементтер, акрабатикалық қимыл-қозғалыстар тұнып тұр. Қай сахнаны қарасаңызда осы ойымызды үстемелейтін іс-әрекеттер көптеп кездеседі. Актерлердің бір мақсатта, бір мүддеге жұмылдырып жұмыс жасағанын жазбай танысың. Спектакльдің қоюшы хореографы-Анар Жүсіпованың қолтаңбасы несімен ерекшеленеді? Қандай мүмкіндіктерді қарастырған? Би өнерінің осындай сұраулы тұстарына қандай мінездеме жасақтайтынымызды спектакльдің басынан аяғына дейінгі көрсетілер жас труппаның құлаққа жағымды әдемі әуенмен өрілген хореографиялық шешімдерді қарастыруды жөн деп есептейміз. Орта замандық италияндық би өнерінің цирктік номерлермен әдемі ұштастыра білгенімен ерекшеленетінін дәлелдеуді мақсат тұттық.

Балетмейстер Анар Жүсіпова театрдың актерлік құрамын то-

лықтай қатыстыра отырып, біркелкілікке, біртұтастыққа жүйелей білген. Қоюшы хореографты оқиғалардың өзінен гөрі, оқиғаға деген кейіпкерлердің қатынасы қызықтырғанын жіті байқаймыз. Оның сахналаған билері мен қимыл-әрекеттері оқиғаны басынан кешірген кейіпкерлер арқылы ашылады. Хореографтың басты ұстанымы ретінде бидің әрекеттілігін айтуға болады. Кейіпкерлердің монологтары мен диалогтарынан әрекет іздеуді алдыңғы планға шығара отырып, барлық зейінін ансамбльдік формаға қойған. Бір әрекеттен кейін екіншісіне алмасатын аралықта композициялық құрылымның шашырап кетпеуіне аса назар аударған. Актерлердің бір деммен, белгіленген бір арақашықтықтан аттамай, біркелкі қозғалысқа түсе білуі қажырлы еңбектің жемісі. Әрбір би сахнасында труппа біркелкі ырғаққа түсіп, біртұтас бейнені көрсетуде жанын сала билейді. Ішкі сезім иірімдерін түсініскен актерлер жұмысы сыртқы форма жасауда нәтижелі жетістікке жеткен. Аралық адым санаулы, қашықтық қадам есептелген. Сахнадағы кеңістіктің көп бөлігі хореографиялық шешімдермен көмкерілген.

Өзіндік шығармашылық дара жолын анықтаған жас театр кемелдену үстінде екеніне еш күмәніміз жоқ. Олардың басты көрермені – жастар. Сондықтан әр қойылым бүгінгі жас көрерменнің талғамын дөп басып, әуезді, әсем әндер мен келісті хореография арқылы әспеттеліп, түсінуге, пайымдауға жеңіл, бірақта санаға ой салатын, толғандыратын болуы негізгі мақсат.

«Әрбір театр коллективі өзінің мәдени өскендігі мен шеберлік биігін классик драматургтердің пьесаларын қоюмен шамалайтын болса, мүмкіншіліктерін сонымен сынаса, баршаға биік сын болар асу – Шекспир» [3, 52 б.]. Жалпы классикалық шығармаларды сахналау – үлкен мектеп. Бұл белесті бағындырудағы астаналық «Жастар» театрының батылдығын, шеберлікті шыңдаудағы қажырлығын, классикалық комедияны игерудегі тың ізденістерін бағалау – біздің парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры. – Алматы: Жазушы, 1969. – 244 б.
2. Жұмабай Н. Мен. – Астана: «Жарқын Ко» ЖШС, 2017. – 173 б.
3. Қабдиева С. Аңыз адам: Уильям Шекспир. – 2015, сәуір. – № 8 (116)

References:

1. Quandyqov Q. *Tungysh ult teatry*. – Almaty: Zhazushy, **1969**. – 244 b. (*In Kazakh*).
2. Zhumabaj N. *Men*. – Astana: «Zharkyn Ko» ZhShS, **2017**. – 173 b. (*In Kazakh*).
3. Qabdieva S. *Anyz adam: Uil'jam Shekspir*. – **2015**, sauir. – № 8 (116) (*In Kazakh*).